

ӘОЖ 37.013.41
ҒТАХР 14.07.03

Байдалиев К.А., педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, <https://orcid.org/0000-0002-3180-2247>,

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті»КеАҚ, Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі, 51, 090009, Қазақстан, baj-kuatbek@mail.ru.

Baidaliyev K.A., candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, <https://orcid.org/0000-0002-3180-2247>,

Nao "West Kazakhstan agrarian and Technical University named after Zhangir Khan", Uralsk, Zhangir Khan STR., 51, 090009, Kazakhstan, baj-kuatbek@mail.ru.

**ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ТҮЛҒАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУМЕН
БАЙЛАНЫСЫН АРТТЫРУДЫҢ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ
TEACHING METHODOLOGY FOR INCREASING THE CONNECTION OF COGNITIVE
AND PERSONAL SKILLS WITH SELF-ASSESSMENT**

ТҮЙІН

Автор өзінің мақаласында білім алушылардың танымдық және тұлғалық дағдылары мен олардың өзін-өзі бағалаудың арасындағы байланыстарын өзектендіре, оның қазіргі күйдегі оқыту мазмұнының кемшіліктері аясында зерттеудің қайшылықтарын анықтаған. Зерттеудің мақсаты жоғары мектеп педагогикасы курсы бойынша магистранттардың болашақ оқытушы ретінде дайындауда, олардың танымдық және тұлғалық қасиеттерін дамытуды оқу үдерісінің басты құндылықтарына теңей отырып, оқыту мазмұнының құралдарымен өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік құралдарын тәжірибелеп зерттеген. Педагогикалық тәжірибе барысында білім алушылардың оқу үдерісіне зейіндерін шоғырландыру мен танымдық іс-әрекеттерін белсендендіруге шағын жаттығулардың жүйесін тақырыптар мазмұнына сәйкес дайындаған. Тәжірибелік сабақтарда интерактивтік әдістерді қолдана, білім алушылардың танымдық және тұлғалық дағдыларын дамытудың оқыту мазмұнын құрағап тексерген. Осы дағдылар түрін дамытуға ықпал етудің алғышарты ретінде білім алушылардың өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыруды алға тартып, кері және рефлексия әдістерінің түрлі тәсілдерін қолданудың тиімділігін анықтаған. Соның нәтижесінде, білім алушылардың орнықты және тұрақты бағалау құндылығын қалыптастыруға мүмкіндік алған. Ол дағдылардың ықпалы танымдық және тұлғалық қасиеттері мен дағдылардың да дамуына негіз болуын тәжірибе кезіндегі білім алушылардың өзін-өзі бағалаумен жауап берген сауалнаманың және академиялық бақылаудан кәсіби-педагогикалық құзыреттерінің жақсару деңгейлерімен түсіндірген.

ANNOTATION

The article is devoted to the study of the relationship between the cognitive, personal qualities of students and their self-esteem. The author revealed the contradictions of the study in the light of the shortcomings of the traditional content of education at the university. The purpose of the study was to prepare undergraduates as future teachers in the course of pedagogy in higher education. Determination of the role of influence on the cognitive and personal development of the basic values of the educational process, allowed the author of the study to develop an experimental training program aimed at the formation of professional self-esteem. In the course of the pedagogical experiment, the author prepared and developed a system of exercises on the content of the topic of classes to concentrate the attention of students and enhance their cognitive activity. The use of interactive methods in practical classes allowed the author to create educational content for the development of cognitive and personal skills of students. Emphasis was placed on the formation of

students' self-assessment skills, determining the effectiveness of using various feedback and reflection methods as a prerequisite for influencing the development of this type of skills. As a result of this approach, students developed self-esteem ability to self-diagnose. This, in turn, actualizes the development of cognitive and personal qualities necessary for professional activity. According to the results of the study it is possible to state the involvement of students as evidenced by the answers to questionnaires regarding the effectiveness of the content of training. Thus, it can be argued that the development of self-esteem affects cognitive needs, personal qualities and the improvement of the level of professional and pedagogical competencies in practical classes in higher education pedagogy.

Кілт сөздер: танымдық, тұлға, білім алушы, дағды, бақылау, бағалау, өзін-өзі бағалау, оқу үдерісі, тәжірибелік.

Key words: cognitive, personality, learner, skills, control, assessment, self-assessment, training, practical.

Кіріспе. Дүние жүзінің жаһандануы мен қоғамдық қарым-қатынастардың қарқынды дамып, оның нәтижесіндегі пайда болып отыратын рухани және материалдық құндылықтардың жаңа екіні әлеуметтік, экономикалық, ақпараттық, саяси бәсекелестіктер, шиеленістер туындаттыру құбылыстарымен де жалғасуы кеңінен белең алуда. Соның салдарынан мемлекет, этнос араларында үлкен әскери қақтығыстар, экосалалардың құлдырау басымдылығы қарқынды жүру болжамдары өмірдің болмысына айналу кезеңінде жүргеніміз аян. Осы мәселелердің тиімді шешімдерін анықтау мен жаңа құндылықтарды құру адамзаттың ізгілік бағытындағы парасаттылықтың, зияттың ұшқырлығымен байланыстыра, ол құдыретті күштердің әлеуетін қалыптастыру жастарға білім беру мен тәрбиенің құпия сырында жатқаны табиғи заңдылықпен жанасады.

Осы мәселелерді шешуге қоғамның жаңа буын мамандарын даярлауға қоғамдық сұраныстар мен қажеттіліктерді қанағаттандыра алатын[1] дәстүрлі білім берудің теориялық және тәжірибелік моделдеріндегі педагогикалық құндылықтардың енжарлығы байқалып, оларды жаңа тұрғыдағы тұжырымдамалармен сабақтастықта алмастыруға зерттеулер жүргізу ырғағы барлық білім беру деңгейлерінде жүру үстінде. Соның бірі, білім алушылардың бойында білім мен іскерлікті қалыптастырудан арылып, олардың алғаш танымдық және тұлғалық процестерін дамытумен, білімді өзі орындай алатын тәжірибелердің көмегімен өзбетімен меңгеруге, ол құндылықтың білім алушының кәсіби еңбегіне қолдануды ғана меңземей, өзінің танымдық, тұлғалық дағдыларын дамытуға серік болатын[2,291-бет], дамытушы құралға айналуын ұстанымға теңеу қажеттілігі туындап отыр.

Біздің зерттеуімізде бұл құндылықтардың білім беру саласында тиімді қалыптасуына ықпал ететін дидактиканың санаты - бағалау мәселесін қарастыруды орынды көрдік. Себебі, дәстүрлі білім беруде бағалау басым педагогтардың үлесінде кеңінен орын алып, бағалаудың қызметі бір жақты ғана жүріп келді. Бағалау үдерісі қатаң белгіленген өлшемшарттар бойынша білім алушылардың білімдерін, біліктерін, дағдыларын бағалаумен шектелді. Дидактика ғылым саласы ретінде оқытудың заңдылықтарын қарастыруға бағытталуында білім алушылардың өзін-өзі бақылау тұстары теориялық, әдістемелік сәттері ашылғанымен, олардың өзін-өзі бағалау құралы ретінде, формалары, әдіс-тәсілдері, өлшемшарттары жетік қарастырылмағаны анық. Сабақтың оқыту мазмұнында білім алушылардың өзбетімен білім деңгейінің ілгері даму динамикасын талдап, саралап, түзетіп, реттеп, өзінің танымдық және тұлғалық қасиеттерінің даму динамикасына бағамдау жүргізу, күшті, әлсіз жақтарын рефлексиялау, осал тұстарын реттеп түзетуге басымдылық өз өмірінің табиғатында дамудың алғы шарттары болып табылу керек[3. 521 -бет]. Болашағындағы кәсіби және жеке өмір даму мәніне білімнің ғана қажеттілігін түсінумен шектелмей, өзін-өзі жүзеге асыру[4,60-бет], саналы өмір сүруге икемді, оны қамтамасыз етудің тұрақты түрткілерін, ұстанымдарын, мақсат, мұраттарын өзі қалыптастыратын, болашағын жоспарлай алатын танымдық, тұлғалық қасиеттермен баулыну. Сапалы жүзеге асыруға әлеуетінің қуатына сенімділігін қалыптастыру[5,463-бет], өмірінің әрбір кезеңінде жаңа құндылықтарды меңгеруге дайын болу, оларды да үнемі жетілдіре, дамытуға үздіксіз танымдық іс-әрекеттерге ұмтылысының жігерлігі мен табандылығын нығайтуға қуатты қорлар жинау қажеттілігі «мәңгі қозғалтқышпен» теңеумен бірдей жүруі қажет[6].

Осыны ескере, біздің зерттеуімізде өзін-өзі бағалау үдерісіне тән орын алып білім берудегі қажеттіліктер мен кемшіліктер мынандай *қайшылықтарды* құруға негіз болды:

– қоғамның жас мамандарға бағытталған замануи қажеттіліктерін қанағаттандыруға кәсіби танымдық және тұлғалық қасиеттерінің даму басымдылығы мен дәстүрлі оқыту мазмұнындағы білім берудің мақсаттылығын «білімге табыну» кең орын алуының сақталу арасында;

– болашақ оқытушылардың кәсіби танымдық және тұлғалық процестері мен қасиеттерінің күйін, әсерін, дамуын зерделеу мен бағалау әрекеттеріне дағдыландыру, оның тиімді құралы ретінде өзін-өзі бағалауды оқыту мазмұнының әрбір кезеңінде кеңінен тәжірибелеу мен дәстүрлі оқытудағы өзін-өзі бақылау мен бағалау үдерісі, олардың кәсіби білімі мен іскерліктері деңгейін бақылауға ғана қол жеткізу арасында;

– болашақ оқытушыларды оқу үдерісінің танымдық әрекеттерінде өзін-өзі бағалаудың әдіс-тәсілдерін тәжірибелік сабақтарда қолданудың стратегиялары негізінде, олардың басымдылығы мен әлісздігін, педагогикалық құндылықтарын, өлшемшарттарын терең, жетік ұғына, оқыту мазмұнында сәтті демонстрациялаудың негіздемесін құру дағдыларына үйрету мен тәжірибелік сабақтарда болашақ оқытушылардың кәсіби білімінің қалыптасу деңгейін анықтаудың тек академиялық бақылаулардың тәжірибеленуі арасында;

– болашақ оқытушылардың өзбетімен оқу үдерісіндегі оқыту мазмұнының тиімділігін анықтауға бағытталған өзін-өзі бағалау стратегиясын орындауға дағдылану барысында оқу материалының түйінді жақтарын нақты анықтауға, оның мәнін түсіндіруге, оны жетілдіруге, соның аясында білім алушының болжамды даму құндылықтарын пайымдау, әр сабақтағы үйрену кезіндегі зияттық және тұлғалық әлеуеттерінің сенімді қалыптасуына да баға беруге дағдылану мен білім алушылардың оқыту мазмұнындағы оқу материалының құрылымындағы негізгі элементтерін түсіну, ұғыну мен эмпирикалық тәжірибесінің орын алуы арасында.

Осы жоғарыдағы қайшылықтарды шешуге тәжірибелік зерттеуімізде мынандай *мақсат* анықталды: «Жоғары мектеп педагогика» курсы бойынша магистранттардың болашақ оқытушы ретінде дайындауда танымдық және тұлғалық қасиеттерін дамытуды оқу үдерісінің басты құндылықтарына теңей отырып, оқыту мазмұнының құралдарымен, олардың өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған әдістемелік құралдарын тәжірибелеп, зерттеу болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Жоғары мектеп педагогикасы курсының білім беру мазмұны білім алушылардың кәсіби-педагогикалық білімін қалыптастыруды оқу үдерісінің жетекші құрамына жатқызғанымен, соның аясында олардың танымдық және тұлғалық қасиеттерін дамыту басымдылығын арттыру қажеттіліктен туындайды. Оқу үдерісінде оқыту мазмұны білім алушылардың өз бетімен аталған құндылықтарға дағдылануға үйрету стратегияларын қолдануға басым назар аударылады. Соның тәжірибе барысында танымдық және тұлғалық конструктордың қалыптасу дәрежесінің тиімді және өнімді жүруіне үздіксіз білім алушылардың өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдерді үнемі сабақтарда тәжірибелей кеңінен орын алуды көздейді[7, 310-бет]. Бұл оқу үдерісінің оқыту мазмұнындағы ерекшелік – білім алушылардың кәсіби-педагогикалық білім алу қажеттілігін төмендетіп, олардың танымдық және тұлғалық қасиеттерін дамыту басымдылығына назар аудара, оқу пәні аясында өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыру жетекші міндеттерге кіргізіп отырмыз. Оның тиімді қалыптасуы мен жүруін бақылау оқытушы тарапынан бір жақты жүрмей, керісінше, білім алушылардың өзбетімен өзін-өзі бағалау стратегиясы көмегімен жоғарыдағы құндылықтарды дамытуға мүмкіндік береді[8, 187-бет]. Бұл үдеріс олардың танымдық және тұлғалық қасиеттерінің даму барысында, соған қажетті кәсіби-педагогикалық білім көздерін өз сұраныстары мен қажеттіліктеріне тән өзбетімен іздеу, зерттеу, тәжірибелеу, ой пікірлерімен пайымдау арқылы жаңа танымдық, тұлғалық дағдыларды игеруге мүмкіндік алады[9, 275-бет]. Соның нәтижесінде білім алушылар кәсіби-педагогикалық білімнің қажеттілігі мен оның құндылығын жетік ұғынып, оның болашақ оқытушы ретіндегі педагогикалық құндылығының мәнділігін саналы түсініп[10], сапалы тәжірибелеуге, педагогикалық-теориялық ілімдердің құпияларын қабылдап түсінумен шектелмей, педагогикалық құбылыстың заңдылықтарын білім ретінде еркін, бейнелі түсіндіруге, интериоризациялауға, трансферлеуге және түрлендірулермен жаңа тәсілдерді, құралдарды,

білім көздерін ғылыми және шығармашылықта жасау мүмкіндіктеріне үлкен тәжірибе жинайды[11,453-бет].

Біздің зерттеуіміздегі басты материал – жоғары мектеп курсының білім беру мазмұны, яғни, оның құрамында педагогиканың әдіснамалық тұстары, теориялық негіздері, дидактика салсының білім беру мазмұны, оқыту құралдары, оқытудың замануи технологиялары, бағалау жүйесі, тәрбиенің теориясы, білім алушылардың өзін-өзі басқаруы, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру болып табылды. Сонымен бірге, осы білім беру мазмұнының көмегімен білім алушылардың танымдық және тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағытталған ересектерге білім берудегі оқыту мазмұнының құралдары, замануи оқыту технологиялары: интерактивтік оқыту, сыни тұрғыда ойлау, жобалап оқыту, белсенді оқыту әдістері, өзін-өзі бағалаудың замануи формалары, әдіс-тәсілдері, ағымдағы академиялық бақылау әдістері, сабақта қолданатын материалдық ресурстар кірді[12, 267 - бет].

Зерттеудің әдістері тобындағы жетекші түрі – бақылау. Бұл әдістің көмегімен тәжірибелік сабақтарда білім алушылардың тақырып мазмұнына сәйкес тәжірибеленіп отырған сергіту сәтіндегі психологиялық, танымдық тренингтердің әсері мен оған қатысушылардың күйлерін, өзара қарым-қатынастарын, танымдық дайындыққа белсенділігін айқындау. Оқу пәнінің әрбір сабақтарында магистранттардың интеллект түрлерін: визуалды, тактильді, кинестетикалық, кеңістік, логикалық, эмоционалдық, вербалды және кәсіби-тұлғалық, танымдық процестерін дамыту, соның ішінде, психологиялық көңіл-күйлерін орнықтыру, өзін-өзі аша алуы, еркіндік, тәуелсіздік, сабырлық, тұрақтылық, жұппен және топпен жұмыстану, шешім қабылдау, өз пікірін айта алу, тұлғааралық қатынастарды жақсартуға бағытталған неміс психологы Клаус Фоппелдің ұсынған тренингтер әрбір тәжірибелік сабақтарда үздіксіз қолданылып отыру тиімділіктерін бақылау. Соның ішіндегі сабақтарда жиі тәжірибеленген түрлері: «Өзін таныстыру», «Мүсін», «Арба», «Менің құпиям», «Сенім», «Айырмашылығын анықтау», «Басшы», «Аутсайдер», «Әділдік пен өтірік», «Автопортрет», «Құндылықтар», «Топқа менің қатынасым» және т.б. анықталған болатын[13,158-бет].

Әрбір сабақта білім алушыларды топқа бөлу тәжірибелерінде қолданылған әдістер:«Менің туған күнім», «Сандар», «Жыл мезгілі», «Түсті қағаздар», «Менің сүйікті түстерім», «Менің сүйікті жемісім», «Есімнің бірінші әріпі», «Менің ұстазым», «Тақырып терминдері», «Геометриялық фигуралар», «Тапсырманың атауы», «Пазлдағы фигуралар мен мәтіндер» және т.б. болды. Соңғы әдістер тәжірибелік сабақтардың тақырып мазмұнымен ұштасқан тапсырма түрінде де қолданылды.

Сабақтың басында танымдық түрткі болатын шағын психологиялық, танымдық жаттығулар орындау, магистранттарды топқа бөлу тәсілдерін қолдану, топ мүшелерінің біріге танымдық әрекеттер орындау сәттеріндегі құлықтарын, күйлерін, қарым-қатынастарын, белсенділігін бақылауға алып, бағамдау жасау зерттеудің міндетіне кірді. Сабақтың негізгі бөлімінде тапсырманы орындаудың әр түрлі формамен бейнелеу «Ассоциаграмма», «Пазл», «Тұжырымдамалық сұлба», «Кластер», «Құрылымдық кесте», мәтіндік, таңбалы, вербалды сипатта орындалуын, мазмұнымен қисынды жасалу үлгілерінің сапасын бақылаулар жүріп отырды. Тапсырманың мазмұнын бейнелі, символды сипатта құруы кезінде топ мүшелерінің өзара міндеттерді бөлісіп, ақпараттарды өзбеттерімен іздеуі, оны өзара талқылауы, бірізді жүйелеп «Постерлер» дайындау, тапсырмасының басты идеясы визуалды кескіндермен үйлесімді ұштастыра алуы да тыс қалмады. Тапсырманы топ болып баяндауында өзара баяндау кезеңдерін бөлісіп, оның мазмұнын ретімен баяндап түсіндіруі бақыланды. Тапсырманың мазмұнын баяндау барысында тақырыптың мазмұнын ашу сәттерімен шектелу бақыланды, сонымен бірге, өздерінің тапсырманың басты идеясын қисынды құрастыруы, оны жүзеге асыруға бағытталған тұстары мен құралдары, тетіктерін ұсынуға басымдылық берілді.

Әрбір сабақтағы топтардың баяндамасы ақталғаннан кейін, басқа топтың мүшелері баяндамашыларға сұрақтар қою, «комментариялар» беру, ұсыныстар жасау, тапсырма мазмұнының құндылықтарына, әлсіз жақтарына ұсыныс түрінде пікірлерін нақты, дәл айту барлық жұмыстарда кеңінен тәжірибеленіп отыру әрекеттері де бақылауға алынып отырды. Әрбір сабақтың соңында барлық топ мүшелері сабақтың тапсырмаларын орындау нәтижесінде неге үйренгенін, өзінің көңіл күйі, сабаққа қатысу белсенділігі, тапсырмалардың ішінде қандай қызықты сәттерді кездестірді, қандай топтың жұмыстары мазмұны жағынан қосымша ойларды тудырғаны туралы өзара ойларымен алмасып отыруға дағдыланды. Осындай үйрену

мазмұнында үздіксіз барлық тәжірибелік сабақтардың жүруі, білім алушылардың өзін-өзі бағалау, өзгенің жұмыстарын топ болып, жеке бағалау жасай отырып, әділ өзінің танымдық және тұлғалық қасиеттерінің даму динамикасына бағамдау жасау тәжірибесіне дағдылану үдерісі жүріп отырды.

Тәжірибелік сабақтардың барысында топ мүшелері тапсырманың басты мақсатына жетуге дайындаған «постер» мазмұнындағы материал қисындылықпен ашу дәрежелеріне де пікірлерін айта, бағалаулар жасады. Сабақтардың соңында өзін-өзі бағалаудың әдістерімен ағымдық бағалауларды қоюға да білім алушылар жеке дара, топ болып балдық шәкілмен әрбір топтың тапсырмаларын бағалауды да тәжірибелеп отырды. Әрине, алғашқы сабақтарда білім алушылар кейбір топтардың жұмыстарын асыра бағалаушылықтары байқалып отырды. Сол сияқты топтардың орындаған жұмыстарына «комментариялар» жасау, пікір мен ұсыныстар жасауда да өздерінің жалпыламалау көріністері орын алды. Бұл сәттерге арнайы кеңестермен түзетулер жүргізу әдістерімен бірге, білім алушылардың арасындағы нақты, дәл, анық ұсынған пікірлерін, «комментарияларын» үлгі ретінде көрсетіп отырдық. Тапсырмаларды білім алушылар өздері пікір, ұсыныс, «комментариялар» берсін, оларға алғашқы сабақтарда бірден талаптар қойылды. Ол талаптар «конформисті» емес, әрбір магистрант өзіне тән дербес пікірлерін ашық айтуға, басқа білім алушылардың ұсыныстарын қайталау, қолдауды арылтуды үйренді.

Тәжірибелік сабақтарда білім алушылардың өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған өзін-өзі бағалау әлеуетіне ықпал ететін әдістемелік тәсілдердің біріне, сабақтарда оқытушының әр түрлі формадағы, интерактивті, сыни тұрғыда ойлау әдістерін, басқа белсенді әдістерді қолдану сәттерінің тиімділігі мен әлсіз жақтарына да білім алушылар өз пікірлері мен ұсыныстарын рефлексия кезеңінде ортаға салып, оқытушының келесі сабақта олардың ұсыныстары бойынша басқа белсенді әдістерді, кері байланыс пен рефлексияның басқа түрлерімен алмастыра, олардың сұраныстарын қанағаттандыруға түзетіп, жетілдіріп отыруға да тікелей қатысып отырды.

Тәжірибелік сабақтардың барысында білім алушылардың өзін-өзі бағалау дағдыларын дамытуға тиімді құралдардың бірі – кері байланыс пен рефлексия әдістері болып табылды. Аталған өзін-өзі бақылау әдістері сабақтардың түйінді құрылымдар бойынша қарастырылған оқу материалының қабылдануы, түсінуі, мәні мен маңызы, өміршендігі, болашақ оқытушы ретінде педагогикалық құндылықтары, жаңа білім көзін қалыптастыруға әлеуеті, өзінің пайымдауы мен пікірі, ұсыныстар жасау сияқты дағдыларды қалыптастыруға ұмтылдырып отырды. Сабақтарда тәжірибелеген кері байланыс тәсілдері әр түрлі вербалды, дене, мәтінді, бейнелі белгілермен бір сәтте оқу материалын қабылдауы, түсінуі мен ұғынуы туралы пікір жасау болып табылды. Олардың ішінен: «5+5+1», «Бас бармақ», «Бағдаршам», «Нысана», «Смайлик», «Алма ағашы», «Үш сөз» түрлері қолданылса [14, 78-бет], рефлексия әдісінде де орындау формалары әр түрлі болып, кеңінен қолданылған тәсілдерге «Екі жұлдыз бір тілек», «Бес бармақ», «Жаттығу», «Түйінді сөздер», «ХИМС», «+», «-», «қызықты», «Инсерт», «БББ», «Табыс баспалдағы» кірді [15, 130-бет, 16]. Рефлексия әдісінің тәсілдері басым білім алушылардың танымдық, тұлғалық қажеттіліктерін қанағаттандыруы мен көңіл күйлеріне ықпал еткен сәттермен бөлісу бағытында, өзінің оқу материалы, оның болашақ өзектілігіне пайымдаулар, пікірлер, ұсыныстар айтумен жүріп отырды.

Білім алушылардың танымдық және тұлғалық қасиеттерін, өзін-өзі бағалау дағдылары арасындағы байланысын, олардың танымдық әрекеттеріне сұранысы мен қажеттіліктерін анықтауға бағытталған кіріс және шығыс сауалнамалары бойынша сұрақтардың топтамасы құрылды. Оның құрамында магистранттардың тұлғалық типтерін анықтап алу, сабақ барысында оқу материалдарын дайындау, өзара танымдық жұмыстарды орындау формалары туралы пікірлерін, тапсырманың шешімін баяндаудағы топтық жұмыстардың тиімділігі мен өзара көмектесу, біріге орындаған топтардың жұмыс тиімділігі мен белсенділіктерін, топ мүшелерінің әлеуметтік және коммуникативтік қатынастарының қалыптасу дәрежесі, тапсырма міндеттерін өзара бөлісе атқаруы, өздерінің танымдық және тұлғалық дағдыларының қалыптасуына қолданылған интерактивті және белсенді әдістердің тиімділігіне, сабақтың оқыту әдістемесінде қолданылған әр түрлі танымдық жұмыстардың формалары, әдістері, кері байланыс пен рефлексия тәсілдерінің тиімділігіне баға беру, сабақтың барысында тиімді

сәттердің белгілерін көрсету сияқты мазмұнда сауалнама беріліп, олардың жауаптары өңделінді.

Зерттеу жұмысымызда жетекші әдістердің бірі – педагогикалық тәжірибе болып табылды. Педагогикалық тәжірибеге қатысқан білім алушылар 1 курстың магистранттары, олардың оқу курсы «Жоғары мектеп педагогикасы» болып табылды. Тәжірибенің негізгі мақсаты білім алушылардың аталған пәннің білім беру мазмұны аясында танымдық және тұлғалық қасиеттерін дамыта, өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыру болып табылды. Басты идеяға олардың өзін-өзі бағалау дағдыларын дамытудың тиімді құралы ретінде танымдық және тұлғалық процестері мен қасиеттерінің белсенділігін арттыра отырып, кеңінен кері байланыстар мен рефлексия әдістерін тәжірибелеу болып табылды.

Зерттеудің міндеттеріне: білім алушылардың өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастырудың алғышарттарын анықтауға сауалнама; білім алушылардың өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік оқыту мазмұнына педагогикалық тәжірибе жүргізу мен алынған мәліметтерді өңдеу, нәтижелерді талдау болып табылады.

Білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекет кезінде олардың оқу материалы бойынша тапсырмаларды орындауға ақпараттарды топ болып іздестіру, оларды өңдеп, саралаумен тиімді түйінді мазмұндарына баға беріп, құндылығын ескере бірізді жүйелеу, жалпыламалау, қорытындылау әрекеттерімен жалғастырып отырды. Оқытушының тарапынан білім алушылардың танымдық дағдылардың әр түрлі тәсілдеріне үйретуге интерактивті және белсенді әдістердің тәжірибелеуге «Джигсо», «Карусель», «Аквариум», «Пазл», «Айналмалы бекеттер», «ПОПС- формуласы», «Алты қалпақ», «БББ», «КЭМТ», «Ойлан, жұптас, бөліс», «Тұжырымдамалық карта», «Ыстық орындық», Гауһартас иерархиясы, «Постер», «Блум түймедағы» және т.б.. қолданылды [15,28-бет,17,3-бет]. Бұл интерактивтік үйрену әдістері білім алушылардың әрбір сабақта аусымды топтарға жиі өтіп, тапсырмаларды орындаумен бірге, олардың танымдық дағдыларын дамытуға да әр түрлі тәсілдермен жүргізілуі, екіншіден, ол үйрену әдістері білім алушылардың өзара пікір алысудың тәуелсіз, еркін жүруін, ашық достық қарым-қатынаста тапсырманы біріге орындау, міндеттерін өзара бөлісу, оқу материалының түйінді мәселелерін ажыратып, оның идеясын шығару, жүзеге асыру тұстарын анықтап, құралдарын ұсыну және өзіне өзі баға беру сәттері де қамтылып отырды.

Жоғарыдағы ұсынылған интерактивті және белсенді әдістердің мақсаты мен міндеттерін, педагогикалық құндылықтарын білім алушылар танымдық іс-әрекеттерді орындау барысында, олардың танымдық және тұлғалық дағдыларын дамытудың тиімді құралдары екенін жете түсінуге, өздерінің болашақ кәсіби тәжірибеде қолдана алу қорына айналғанын әрекеттерінен, пікірлерінен байқалып отырды. Соның нәтижесінде олардың өзін-өзі бағалаудың алғашқы тәсілдеріне үйреніп, өзін-өзі бағалау дағдыларының қалыптасу деңгейін бақылауға мүмкіндік ала алды [18,19].

Білім алушылардың сабақ барысындағы оқу-танымдық іс-әрекет нәтижелерін бағалауда Дублин дескрипторындағы көзделген критерияларға негізделі бағалау жүріп отырды: білу мен түсіну; білімді тәжірибеде қолдану; ой-пікір; коммуникативтік және оқу-танымдық дағдылар. Бұл критериялар білім алушылардың танымдық және тұлғалық қасиеттерін және оны тәжірибеде қолдана алу дағдыларын бағалауға негізделген [20,8-бет].

Сабақтың қорытынды бөлім кезеңінде барлық топтар, олардың мүшелері, топ болып, болмаса топтың бір мүшесі барлық топтардың ортақ мазмұндағы жұмыстардың ашылуы, бірізділігі, жүйелілігі, жалпылануы, талдануы, шешілуі, қорытындылануы, идеясы мен оның негізделуі туралы талқылаулар, «комментариялар», пікірлерін айтуға, барлық топтардың жұмыстарын түгелімен зерделеу жасау, олардың баяндамаларын ұқыпты тыңдау мен мәнді сәттері бойынша күшті, әлісз жақтарын, оны жақсартуға қандай ұсыныстар беру үздіксіз тәжірибеленіп рефлексия сәтінде білім алушылар жаңа сабақтың тақырып мазмұнының мәнді сәттерін дұрыс аша алуы, оның болашақтағы кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттегі ықпалына да болжамды пікірлері мен ұсыныстарын көрсетіп отырды.

Сонымен бірге, білім алушылардың сабақ бойынша орындаған жұмыстарын да ағымды академиялы бал қою тәртібінде де өзара бағалау әдістері орын алып отырды. Әрбір топ немесе топ мүшесі басқа топтардың қорытынды бал қою кезеңінде не үшін жоғары бал ұсынып отырғанын негіздеп, дәлелдемелер келтіруге әдеттенуді дәстүрге айналдырдық. Әрбір топтың жұмыс мазмұнын бағалау жеке дара емес, топ білім алушыларына бірдей баллар қойылу

тәжірибеленді. Сабақ бойынша орындаған тапсырмаларға түпкілікті бал қою, олардың постер бойынша жасаған жұмыстарының мазмұны мен сабақта баяндап түсіндіруі, қисындылығы мен жалпыламауы, топтың мүшелерінің бірізді, жүйелі, бір мәнерде сауатты баяндауы, тапсырманың мазмұнын толық аша алуы, қойылған сауалдарға толық жауап беруі, тапсырманы орындауға ақпаратты іздеу, оларды өңдеу мен сауатты жүйелеп рәсімдеп аудитория алдында баяндау ерекшеліктеріне негізделі бағаланып отырылды. Сол сияқты білім алушылардың тапсырма мазмұнын баяндау барысында, олардың коммуникативтік және ақпараттық құзыреттері, сабақтағы белсенділігі, өзін-өзі бағалау әдіс-тәсілдері бойынша дұрыс пікірлер мен мазмұнды ұсыныстар жасау, постерлердің визуалды бейнесі тапсырманың идеясы мен мазмұнына үйлесімді кескінделу сәттері де бағалау кезінде ескеріліп отырды.

Курстың соңғы үш тақырыптарына арналған жоба жұмыстары алдын ала беріліп, білім алушылар топ болып орындады. Жоба жұмыстарын қорғау топтың ішінде ашық түрде жүрді. Ол жобаларды қорғау барысында қажеттілігі мен идеясы, жүзеге асыру бағыттары мен тетіктері, өміршеңдігі сабақтарда талқыланды. Оларды бағалау тәртібі жоғарыдағы өзін-өзі бағалаудың тәсілдерін қолдана баяндаушы топтардың жұмыстарын қатысушы топтар жеке жеке бағалап, қорытынды балдарын өздері ұсынып отырды.

Зерттеу нәтижелері. Университеттің 1 курсында бір тобында оқитын магистранттарының 37 білім алушылар арасында жүргізілген кіріс және шығыс сауалнама мәліметтерін өңдеп, нәтижелерін алу барысында 17 магистранттар басқа жоғары оқу орындарынан келіп, бейін бойынша білім алып жатқаны анықталды. Олардың бакалавриат деңгейінде білім алу кезінде оқу үдерісінде интербелсенді әдістерді тәжірибелеудің жүруін 65 % респонденттер белгілесе, олардың 24 % сирек қолдануын, ал, 11 % қолданбайтынын көрсетеді. Сабақтың барысында білім алушылардың тиімді және өнімді танымдық әрекеттермен шұғылдану тұстары мен сұраныстарын анықтауға бағытталған, олардың танымдық қабылдауы мен тұлғалық типін айқындауға ұсынылған сұрақтарға берген жауаптарында, олардың 38 % «интерверт», 35 % «экстрроверт», 27 % амвиберт болса, оқу материалдарын қабылдау басымдылығы бойынша «аудиал» 5 %, «визуал» 68%, «кинестетик» 15 %, «дигитал» 12 % құрады. Бұл біздің зерттеуімізде берілетін тапсырмалар мен оны орындау кезінде білім алушылардың әр түрлі формада жұмыстарды бейне, кесте, диаграмма, мәтін, таңба мен символ түрінде өзбеттерімен таңдап орындауды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Шын мәнінде тапсырмаларды орындаған «Ассоциативті», «постер», «Зияттық сұлба» түрінде басымдылық көрсеткен шамалар білім алушылардың кіріс және шығыс сауалнамаларындағы бағалаулары бірдей болғаны байқалды. Оны да он балдық шәкілмен бағалап беруді ұсынуда шығыс сауалнамада «орташа» балмен бағалаған білім алушылардың шамасы 19 % құраса, қалғандары «жоғары» балмен бағалаған. Шағын топтардың тапсырма мазмұнын визуалды түрде жасаудың білім алушылар үшін тиімділігі неде деген сұрақтарға, респонденттердің 51% тапсырманың мазмұнын бірізді, қисынды баяндауға тиімділігін белгілесе, 38 % мазмұнын біртұтас көруге құнды екенін, 11 % материалды сенімді баяндауға мүмкіндік береді деген пікірлерін білдірген.

Оқу жылының басында пән сабақтарында, әсіресе, тәжірибелік сабақтардың білім алушыларға еркін, тәуелсіз және жайлы психологиялық жағдайлармен қамтамасыз ету дәрежесін бағалау жауаптарында, соның ішінде, кіріс сауалнамасындағы жауаптары он балдық шәкілмен көрсету барысында «төмен» балмен белгілеген 42 % болса, «орташа» балмен 32 %, «жоғары» балмен 26 % белгілеген. Ал, шығыс сауалнамада «орташа» балмен белгілегендер 22% бал көрсетсе, қалған респонденттер «жоғары» балдармен бағалаған. Яғни, білім алушылардың қауіпсіз білім беру ортасының құрылу дәрежесі толық қанағаттандырғанның белгісі болып табылды. Тапсырмаларды шағын топ болып орындау, сол топтағы білім алушылардың танымдық әрекетке белсенді қатысу сәттерін анықтауға бағытталған сұрақтардың жауаптарында респонденттердің кіріс сауалнамасы бойынша балдық шәкілмен берген бағасында «төмен» бал қойған шамасы 32 % белгілесе, «орташа» 40 %, «жоғары» бал қойған 28 % құрағаны анықталды. Ал, шығыс сауалнамасында осы сұрақтарға берген респонденттердің жауаптарында «төмен» бал қойылмаған, ал, «орташа» бал қойған 14 %, қалғандары «жоғары» балмен бағаланған. Білім алушылардың алдыңғы білім беру деңгейлеріндегі оқу үдерісінде кеңінен тапсырмаларды орындау формалары басым жеке түрде жүруін респонденттердің 54% белгілесе, топтықты 32%, қалғандары жұптық пен ұжымдық

формаларын көрсеткен. Осы сұраққа қатысты білім алушылардың курс сабақтарында ең қызықты сәттерді белгілеп көрсетіңіздер деген жауаптарын таңдауда, осы шағын топтық жұмысты белгілеген респонденттердің шамасы 45,9 % болғаны өте үлкен әсер қалдырған.

Тәжірибеге дейін білім алған жоғары оқу орындарында қолданған интерактивті оқыту әдістеріне берген он балдық шәкілмен бағалау нәтижесінде, олардың ішінде әдістердің тиімді екеніне «төмен» бал қойған 24 %, «орташа» 38%, «жоғары» бал қойғандар 38% құрады. Ал, шығыс сауалнамасында осы сұрақтың жауабында «төмен» 5,4%, «орташа» 16%, қалғандары «жоғары» бал қойған.

Кіріс және шығыс сауалнамалардың соңғы сұрақтарының бірі кері байланыс пен рефлексия әдістерінің тиімділігі мен олардың танымдық және тұлғалық қасиеттері мен дағдыларының қалыптасуына ықпалы туралы пікірлерін балдық шәкілдермен бағалауды ұсынғанда, кіріс сауалнамасындағы «төмен» бал қойған білім алушылардың шамасы 43% құраса, «орташа» балды көрсету 24 %, қалғаны, яғни, 33% «жоғары» бағалаған. Ал, шығыс сауалнамасында осы сұраққа берген балдық пікірінде «төмен» жоқ, «орташа» 16,2, ал, «жоғары» 83,8% көрсеткен.

Кері байланыстар мен рефлексия әдістерінің тәсілдерін әрбір сабақта үздіксіз тәжірибелеп отырудың ықпалы білім алушылардың қасиеттері мен әрекеттерін дағдыландыра алды деген сауалдың алдын ала ұсынған түрлерінің бірнеше түрін белгілеп көрсетуді ұсынуда, олар «өзін-өзі бақылау мен бағалауға» деген жауапты респонденттердің 49% белгілесе, «әділ, дұрыс, нақты баға беру үшін» жауаптарды таңдағандар 75,6 %, «анық және дәл ұсыныстар айтуға» 32%, «шапшаң жауабын айту» 22%, «қысқаша жауап беру» 16%, «өз пікірін ашық айту» 59%, «қателіктерді түзету» 8%, «басқалардың жауаптарын толықтыру» 22%, «тиімділігін байқамадым» түрін ешкім белгілемеген.

Жоғары мектеп педагогикасы курсы аясында өткізілген тәжірибелік сабақтардың ең қызықты, танымдық құндылықтары қандай құралдар мен тәсілдерден байқадыңыздар деген сауалға, білім алушылардың 45 % топтық жұмыстарды орындау, рефлексия әдісінің тәсілдері 21,6 % назар аударғаны, топ алдында баяндама жасау 5,4%, бейнелі тапсырма дайындау - 11%. Курстың оқыту мазмұнында қандай сәттерді жақсартуды ұсынасыз деген сұрақтың жауаптары «барлығы жақсы болды» 17% белгілеген.

Білім алушылардың танымдық және тұлғалық қасиеттері мен өзін-өзі бағалаудың өзара байланысын зерттеу барысында, олардың танымдық және тұлғалық дағдыларының қалыптасу деңгейлерін бағалауға жоғарыда анықталған критериялар бойынша 5 рет ағымдық бақылаулар жүргізілді. Соның бірінші бақылауындағы білім алушылардың орташа балы 79,6 құраса, абсолюттік сапасы 100 % болып анықталды. Ал, бесінші аралық бақылаудың нәтижесінде топ магистранттардың оқу үлгерімінің деңгейі бойынша орташа балы 87,3, сапасы 100 % көрсеткішті межеледі.

Қорытынды. Зерттеудің педагогикалық тәжірибе барысында алынған мәліметтерді өңдеу мен талдап зерделеу барысында мынандай нәтижелермен қорытынды жасауға мүмкіндіктер ала алдық:

–білім алушылардың танымдық және тұлғалық қасиеттері мен өзін-өзі бағалаудың өзара байланысын үйлесімді ұштастырудың алғышарттарының бірі оқу үдерісіндегі қатысушы субъектілердің, яғни, оқытушы мен білім алушылар, білім алушылардың өзара танымдық іс-әрекеттерге еркіндігі, тәуелсіздігі сақталып, тепе-теңдіктің бірдей жүруі, олардың оқыту мазмұнының барлық құрылымындағы әрекеттерді келісімділікте орындауды ұстана, өздерінің танымдық, кәсіби-педагогикалық, тұлғалық қажеттіліктері мен сұраныстарын қанағаттандыруға зияттық, материалдық ресурстарды, ақпарат көздерін, тәсілдерін, формаларын таңдау, орындау мүмкіндіктерін қамсыздандыра, жайлы және қауіпсіз танымдық іс-әрекет жасаудың білім беру ортасын толық қанағаттандыру кепіл бола алды;

–білім алушылардың өзін-өзі бағалау дағдыларын дамытудың құралдары ретінде кері байланыс пен рефлексия әдістерінің тәсілдерін әрбір сабақта кеңінен тәжірибелеп, олардың әрбір сабақ құрылымындағы түйінді сәттерге зейінін шоғырландыра, олардың құндылығын өз табиғатына қабылдап, интериозациялау мен трансферлеу тәсілдеріне дағдыланды;

–оқыту мазмұнындағы зияттық және материалдық ресурстар толығымен білім алушылардың өзара шағын топтарда өнімді жұмыс орындаудың интерактивті және белсенді әдістердің алуандылығымен қамсыздандыра, олардың танымдық және тұлғалық процестерінің

әрбір түрлері мен операцияларын қарқынды жүруін, қасиеттері мен әрекеттік дағдыларының динамикалық дамуына жетелей алды;

– қалыптасатын жаңа танымдық және тұлғалық қасиеттер мен әрекеттерді орындау дағдылары өзін-өзі бағалаумен үздіксіз біріге жүретін үдеріс болып табылды. Танымдық, тұлғалық қасиеттердің тәжірибесінің көмегімен кері байланыс және рефлексия әдістерімен өзін-өзі бағалау дағдыларына үйренуге негіз болса, өзін-өзі бағалау дағдылардың нәтижелері білім алушылардың бойында жаңа танымдық және тұлғалық құндылықтарды меңгеруге түрткі жасап, мақсат пен міндеттер, ұйымдастыру мен басқару, тиімді танымдық тәсілдерді қолдануға ұмтылдырды. Олар өз кезегінде білім алушылардың өмір бойы жаңа білім көзін іздеу, зерттеу тәжірибелеріне орнықты дағдылануына, өзбетімен оқу курсына үйренген кәсіби-педагогикалық құзыреттерді табысты тәжірибеде қолдануға қор жинады

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Nesgovorova N. Comparative analysis of objective assessment and self-assessment of the professional identity of university graduates / Conference: SCTCMG 2019 - Social and cultural transformations in the context of modern globalism. <https://www.researchgate.net/publication/338214798>, DOI: 10.15405/epsbs.2019.12.04.328.

2 Бадалова Б. Особенности самооценки студентов в учебном процессе. <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti>, DOI: 10.24412/2181-1385-2021-9-288-294.

3 Полард Эндрю Рефлексивті оқыту негіздері. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. 2020. – 728 бет.

4 Tshesnevsky K.Kh., Donnellan M.B., Robins R.V. (2013). Development of self-esteem. In Zeigler-Hill V. (Ed.), Self-Esteem (pp. 60–79). Psychology Press.

5 Salmela-Aro K., Nurmi J.-E. (2007). Self-esteem during university studies predicts career characteristics 10 years from now. *Journal of Occupational Conduct*, 70(3), 463–477. <https://doi.org/10.1016/j.jvb.2007.01.006>

6 Skorek M., Song A.V., Dunham Y. Self-esteem as a mediator between personality traits and self-esteem: an analysis of trajectories by gender and race/ethnicity. *PLOS One*. 2014 November 6; 9(11): e112086. doi: 10.1371/journal.pone.0112086.

7 Мухина С.Е. Роль самооценки личности в повышении эффективности учебной деятельности студентов. *Профессиональное образование в современном мире*. 2019;9(4):3307-3319.

8 Давыдов В.В. Теория развивающего обучения. - М.: ИНТОР. 1996, - 544 с.

9 Шунк Дейл Х. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі.-Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. 2019. – 608 бет.

10 Великова С.А. Самооценка студентов гуманитарного института как регулятор их успеваемости. <https://doi.org/10.23951/2307-6127-2022-2-136-145>.

11 Рубинштейн С. Л. Основы общей психологии: в 2 т. Т. 1. - М.: Педагогика, 1989.

12 Шалғынбаева Қ.Қ. Жоғары мектеп педагогикасы. Магистранттарға арналған оқу құралы. - Алматы: ССК, 2017. - 272 бет.

13 Клаус Фоппель Психологические принципы обучения взрослых. Проведение воркшопов: семинаров и мастер классов. Пер. с нем. – М.: Генезис, 2010. – 360 с.

14 Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы / А.Қ. Әлімов. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. – 188 бет.

15 Использование интерактивных методов обучения как средство активизации познавательной деятельности учащихся. <https://www.amo.cz/wp-content/uploads/2015/11/Ispolzovanie-interaktivnych-metodov-obucheniya-kak-sredstvo-aktivizacii-poz1.pdf>.

16 Тойбазарова Н.А. Интербелсенді оқыту технологиясы. Оқу құралы. – Нұр-Сұлтан: «Тұран-Астана» унив. баспасы, 2019. – 89 бет.

17 Сборник по развитию критического мышления: из опыта работы учителей Назарбаев интеллектуальных школ / Опря О.В. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» Центр педагогического мастерства, 2015. - 90 с.

18 Krauss, S., & Orth, W. (2022). Work experience and the development of self-esteem: a meta-analysis of longitudinal studies. *European Journal of Personality*, 36(6), 849–869. <https://doi.org/10.1177/08902070211027142>

19 Skorek M., Song A.V., Dunham Y. Self-esteem as a mediator between personality traits and self-esteem: an analysis of trajectories by gender and race/ethnicity. *PLOS One*. 2014 November 6; 9(11): e112086. doi: 10.1371/journal.pone.0112086.

20 Омирбаев С.М. Реализация дублинских дескрипторов. <https://news.kaznmu.kz/wp-content/uploads/2014>

REFERENCES

1 Nesgovorova N. Comparative analysis of objective assessment and self-assessment of the professional identity of university graduates / Conference: SCTCMG 2019 - Social and cultural transformations in the context of modern globalism.

<https://www.researchgate.net/publication/338214798>, DOI: 10.15405/epsbs.2019.12.04.328.

2 Badalova B. Features of students' self-assessment in the educational process. <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti>, DOI: 10.24412/2181-1385-2021-9-288-294.

3 Polard Andrew Reflective about the negative. - Almaty: "Ulttyk audarma bureausy" kogamdyk kory. 2020. - 728 p.

4 Tshesnevsky K.Kh., Donnellan M.B., Robins R.V. (2013). Development of self-esteem. In Zeigler-Hill V. (Ed.), *Self-Esteem* (pp. 60–79). Psychology Press.

5 Salmela-Aro K., Nurmi J.-E. (2007). Self-esteem during university studies predicts career characteristics 10 years from now. *Journal of Occupational Conduct*, 70(3), 463–477. <https://doi.org/10.1016/j.jvb.2007.01.006>

6 Skorek M., Song A.V., Dunham Y. Self-esteem as a mediator between personality traits and self-esteem: an analysis of trajectories by gender and race/ethnicity. *PLOS One*. November 6, 2014; 9(11): e112086. doi: 10.1371/journal.pone.0112086.

7 Mukhina S.E. The role of personality self-assessment in improving the effectiveness of students' educational activities. *Vocational education in the modern world*. 2019;9(4):3307-3319.

8 Davydov V.V. The theory of developmental learning. - M.: INTOR. 1996, - 544 p.

9 Shunk Dale H. Okytu theories: Bilim beru kokzhiegi.-Almaty: "Ulttyk audarma bureausy" kogamdyk kory. 2019. - 608 p.

10 Velikova S.A. Self-assessment of students of a humanitarian institute as a regulator of their progress. <https://doi.org/10.23951/2307-6127-2022-2-136-145>.

11 Rubinshtein S. L. Fundamentals of General Psychology: in 2 vols. T. 1. - M.: Pedagogy, 1989.

12 Shalgynbaeva K.K. Jogary mektep pedagogikasy. Magistranttarga arnalgan oku kuraly. - Almaty: SSK, 2017. - 272 p.

13 Klaus Foppel Psychological principles of adult education. Conducting workshops: seminars and master classes. Per. with him. - M.: Genesis, 2010. - 360 p.

14 Alimov A.K. Interbelsendi oku adistemesin mektepte koldanu. Oku kuraly / A.K. Alimov. - Astana: "Nazarbayev Ziyatkerlik metkebi" DBBY Pedagogikalyk sheberlik ortalagy, 2014. - 188 p.

15 The use of interactive teaching methods as a means of enhancing the cognitive activity of students. <https://www.amo.cz/wp-content/uploads/2015/11/Ispolzovanie-interaktivnych-metodov-obucheniya-kak-sredstvo-aktivizacii-poz1.pdf>.

16 Toybazarova N.A. Interbelsendi okytu tekhnologisy. Oku kuraly. - Nur-Sultan: "Turan-Astana" univ. Baspasy, 2019. - 89 p.

17 Collection on the development of critical thinking: from the experience of teachers at Nazarbay Intellectual Schools / Oprya O.V. - Astana: AEO "Nazarbayev Intellectual Schools" Center for Pedagogical Excellence, 2015. - 90 p.

18 Krauss, S., & Orth, W. (2022). Work experience and the development of self-esteem: a meta-analysis of longitudinal studies. *European Journal of Personality*, 36(6), 849–869. <https://doi.org/10.1177/08902070211027142>

19 Skorek M., Song A.V., Dunham Y. Self-esteem as a mediator between personality traits and self-esteem: an analysis of trajectories by gender and race/ethnicity. *PLOS One*. November 6, 2014; 9(11): e112086. doi: 10.1371/journal.pone.0112086.

20 Omirbaev S.M. Implementation of Dublin descriptors. <https://news.kaznmu.kz/wp-content/uploads/2014/08/2>.

АННОТАЦИЯ

Статья посвящена изучению взаимосвязей между познавательными, личностными качествами студентов и их самооценкой. Автором были выявлены противоречия исследования в свете недостатков традиционного содержания обучения в вузе. Целью исследования была подготовка магистрантов как будущих преподавателей на курсе педагогики высшей школы. Определение роли влияния на познавательное и личностное развитие основных ценностей образовательного процесса, позволило автору исследования разработать экспериментальную программу обучения, направленную на формирование профессиональной самооценки. В ходе педагогического эксперимента автором была подготовлена и разработана система упражнений по содержанию темы занятий для концентрации внимания обучающихся и усиления их познавательной активности. Использование интерактивных методов на практических занятиях, позволило автору создать обучающий контент для развития познавательных и личностных навыков обучающихся. В качестве обязательного условия воздействия на развитие этого вида умений был сделан акцент на формирование навыков самооценки обучающихся, определение эффективности использования различных методов обратной связи и рефлексии. В результате такого подхода у обучающихся была сформирована способность к самодиагностике своей самооценки. Это, в свою очередь актуализирует развитие необходимых для профессиональной деятельности познавательных и личностных качеств. По итогам исследования, можно констатировать вовлеченность обучающихся, о чём свидетельствуют ответы на анкеты на предмет эффективности содержания обучения, его средств. Таким образом, можно утверждать, что развитие самооценки влияет на познавательные потребности, личностные качества и улучшение уровня профессионально-педагогических компетенций на практических занятиях по педагогике высшей школы.

FTAXP: 77.31.13

Бахтиярова С.Ж., аға оқытушы, магистр, <https://orcid.org/0000-0002-4713-9021>
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті»КеАҚ, Орал қ.,
Жәңгір хан көшесі 51, 090009, Қазақстан, sayagul.bakhtiyarova@mail.ru

Bakhtiyarova S.Zh. senior lecturer, Master's degree, <https://orcid.org/0000-0002-4713-9021>
NJSC «West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir khan»,
Uralsk, st. Zhangir Khan 51, 090009, Kazakhstan, sayagul.bakhtiyarova@mail.ru

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУДАҒЫ «ОЛИМПИАДАЛЫҚ БІЛІМ» ПӘНІНІҢ РӨЛІ THE ROLE OF THE DISCIPLINE «OLYMPIC EDUCATION» IN THE TRAINING OF SPECIALISTS OF PHYSICAL CULTURE AND SPORTS

АНДАТПА

Мақалада жоғары оқу орындарында болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлауда олимпиадалық білім беруді дамыту қарастырылады. Зерттеудің өзектілігіне назар аударып, Олимпиада ойындарының жүлдегер спортшыларының жетістіктері үлкен әлеуметтік, тәрбиелік және тәрбиелік мәнге ие екенін ескере отырып, оқу процесіне «Олимпиадалық білім» элективті пәнін енгізу қажет.

Бұл ретте балалар мен жастарды олимпиадалық білім берудің мұраттары мен құндылықтарына баулудың төмен деңгейі байқалады.

Автордың пікірінше, олимпиадалық білім беруді болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарының оқу процесіне қосу олимпиадалық қозғалыс туралы білім жүйесін қалыптастыруға, олимпиаданың мұраттары мен құндылықтарына тартуға ықпал етеді. Мақалада шетелдік және қазақстандық ғалымдардың олимпиадалық білім беру саласындағы